

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда үйлерінің және тұрақты жұмыс істейтін Көрме кешендерінің мекемелері туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қазандағы N 1023 Қаулысы
(Меморандум қол қойылған күннен бастап күшіне енді - ҚР СІМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда үйлерінің және тұрақты жұмыс істейтін Көрме кешендерінің мекемелері туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі Әділбек Рыскелдіұлы Жақсыбековке қағидаттық сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге рұқсат бере отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі атынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда үйлерінің және тұрақты жұмыс істейтін Көрме кешендерінің мекемелері туралы келісімге қол қоюға өкілеттік берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда үйлерінің және тұрақты жұмыс істейтін Көрме кешендерінің мекемелері туралы келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасының Үкіметі,

өзара мүдделер мен тең заңды құқықтар негізінде Қазақстан Республикасы мен Иран Ислам Республикасы арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту ж ә н е к е ң е й т у ү ш і н

мына төмендегілер туралы келісті:

1-бап

1. Тараптар осы Келісімге сәйкес Қазақстан Республикасының Сауда үйін және тұрақты жұмыс істейтін Көрме кешенін Иран Ислам Республикасында және Иран Ислам Республикасының Сауда үйін және тұрақты жұмыс істейтін Көрме кешенін

Қазақстан Республикасында құрады.

2. Тараптар мемлекеттерінің ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар бір-біріне Сауда үйлерін және тұрақты жұмыс істейтін Көрме кешендерін салу үшін жер учаскелерін береді немесе ғимараттарды (үй-жайларды) жалға береді.

3. Сауда үйлерінің және Көрме кешендерінің мекемелері үшін жер учаскелерін немесе ғимараттарды (үй-жайларды) берудің шарттары мен тәртібі Тараптар арасында жеке Келісім жасасу жолымен келісілгеннен кейін айқындалатын болады.

2-бап

Сауда үйлерін және тұрақты жұмыс істейтін Көрме кешендерін құру мақсатында Тараптар бір-біріне мыналар арқылы жәрдемдесетін және ынтымақтасатын болады:

Тараптар мемлекеттерінде сауда қызметін реттейтін өз мемлекеттерінің ұлттық заңнамалары, әкелінетін тауарлардың сапасын бақылау жөніндегі ережелер мен нормалар туралы ақпарат алмасады;

Сауда үйлері және тұрақты жұмыс істейтін Көрме кешендері үшін лайықты аумақ таңдауда жәрдемдеседі;

Сауда үйлері және тұрақты жұмыс істейтін Көрме кешендері аумақтарының қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

3-бап

Сауда үйлері арқылы сату үшін және тұрақты жұмыс істейтін Көрме кешендерінде көрмелер ұйымдастыру үшін импортталатын барлық тауарлар Тараптар мемлекеттерінің аумағында өндірілуі тиіс.

4-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану жөнінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер және консультациялар жолымен шешетін болады.

5-бап

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

Осы хаттамалар осы Келісімнің 6-бабында көзделген тәртіппен күшіне енеді.

6-бап

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және белгіленбеген мерзімге жасалады. Осы Келісім Тараптардың біреуі екінші Тараптың оның қолданылуын тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарламасын алған күннен бастап алты ай өткеннен кейін күшін жояды.

Хиджра бойынша 1383 жылға "___" _____ сәйкес келетін 2004 жылғы "___" _____, _____ қаласында, әрқайсысы қазақ, парсы, орыс және ағылшын тілдерінде екі түпнұсқа данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының Иран Ислам Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін